

2022 жылғы IV тоқсан үшін Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтер көлемі туралы

Шығарылымы: 01.03.2023

Келесі шығарылым күні: 01.06.2023

1. Негізгі ойлар
2. Жоғары білімнің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Қатысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі көрсеткіштер

2022 жылғы IV тоқсанда Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарымен, негізгі қызмет бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 1275381,1 млн.теңгені құрады, оның ішінде 85,2% бюджет есебінен, 12,1% - халықтан түскен қаражат есебінен, 2,7% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтердің ең үлкен көлемі негізгі қызмет бойынша негізгі және жалпы орта білім саласындағы қызметтер алады, олардың көлемі 708392,4 млн. теңге немесе қызметтердің жалпы көлемінен 55,5%, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында – 176216,9 млн. теңге (13,8%), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында – 166581,2 млн. теңге (13,1%), техникалық және кәсіптік орта білім беру саласындағы қызметтер саласында - 86800,5 млн. теңге (6,8%) құрады.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең аз көлемін қосалқы білім беру қызметтері бойынша 13414,6 млн. теңге сомасында, көлік құралдарының жүргізушілерін дайындау мектептерінің қызметі көрсететін ұйымдар 1257,7 млн. теңге сомасында және орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдар 68,1 млн. теңге сомасында қызмет көрсетті.

2022 жылғы IV тоқсандағы қорытындысы бойынша негізгі қызмет түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің 77,3% мемлекеттік меншік ұйымдары, 22,2% жеке меншік ұйымдары және 0,5% шетелдік меншік ұйымдары ұсынды.

Есепті кезеңде негізгі қызмет түрі бойынша шағын кәсіпорындар ұсынған көрсетілген қызметтер көлемі 575575,2 млн. теңгені (45,1%), орта кәсіпорындар – 462718,2млн. теңгені (36,3%) және ірі кәсіпорындар – 237087,7 млн. теңгені (18,6%) құрады.


Электронды кестелер

Бюллетень: [2022 жылғы 4 тоқсандағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтер көлемі туралы](#)

2. Динамика

	мың теңге			
	1 квартал	2 квартал	3 квартал	4 квартал
Негізгі қызмет түрлерімен көрсетілген қызметтер, барлығы	998 931 837	1 280 143 851	949 833 531	1 275 381 073
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтер	137 550 428	153 364 088	144 230 772	166 581 176
Бастауыш білім беру саласындағы қызметтер	14 774 299	15 729 916	9 796 687	19 984 845
Негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы қызметтер	598 358 905	811 128 795	541 739 788	708 392 424
Техникалық және кәсіптік орта білім беру саласындағы қызметтер	69 294 777	82 702 150	57 764 222	86 800 510
Орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы қызметтер	48 262	73 567	15 223	68 098
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметтер	103 749 337	119 510 450	109 601 920	176 216 942
Спорттық білім беру және бос уақытты ұйымдастыратын мамандарды оқыту саласындағы қызметтер	24 714 431	28 213 309	24 482 374	29 664 208
мәдениет аясында білім беру саласындағы қызметтер	15 079 420	19 586 720	12 571 308	16 271 742
Жүргізушілерді дайындау мектептерінің қызметтері	415 112	489 094	685 640	1 257 739
Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де білім беру саласындағы қызметтер	27 447 311	41 283 647	39 454 292	56 728 776
Қосалқы білім беру қызметтер	7 499 555	8 062 116	9 491 305	13 414 614

Объем оказанных услуг по основному виду деятельности (в разрезе ЭҚТӨЖ*, в %)



* ЭҚТӨЖ - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші

3. Глоссарий

Көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан және (немесе) тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) оларға көрсетілген қызметтер үшін төлеміне түскен қаржы көлеміндегі білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің құны болып табылады және ол өз кезегінде алынған немесе алынуда тиіс табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланатын ұйымның табысы ретінде бағаланады.

Қызмет көрсету – адамның немесе тұтастай қоғамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Қызметтің негізгі түрі - қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі - үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізіден басқа қызмет түрі.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Релизде меншіктің, ведомстволық тиістілік пен мөлшерліктің барлық нысанындағы негізгі қызмет түрі білім беру саласындағы ұйымдардың, білім беру саласында қызмет көрсететін кәсіпорындардың статистикалық деректері ұсынылды.

Интернет арқылы ұсынылатын қызметтер – бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім деңгейлері бойынша оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, білім беру ұйымының сайты әзірлеу және жүргізу, оқушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивті өзара іс-қимыл нысандарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ Интернет қолдану негізінде оқу үдерісіне әкімшілік ету бойынша қызметтер.

5. Өзара байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[2022 жылғы түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім.](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Сапа бойынша есеп](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Ответственные за выпуск: Департамент статистики населения	Директор департамента: Н. Ханжигитов Тел. +7 7172 749061	Исполнитель: Ж. Рахимова Тел. +7 7172 749374 E-mail: zh.rakhimova@aspire.gov.kz	Адрес: 010000, г.Астана пр. Мәңгілік ел, 8 Дом Министерств, 4 подъезд
--	---	---	---